

Жамбыл ауылындағы № 5 жаңа көшеге атау беру туралы

Жамбыл облысы Қордай ауданы Жамбыл ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 26 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 сәуірде № 2631 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жамбыл ауылдық округінің Жамбыл ауылындағы № 5 жаңа көшеге "Бірлік" атауы берілсін.

2. "Жамбыл ауылындағы № 6 жаңа көшеге атау беру туралы" Жамбыл ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 13 қаңтардағы № 7 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жамбыл ауылдық округі әкімінің орынбасары Е. Жексембековке жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

Д. Темир